




*«Әлеуметтік тұрғын үй Дирекциясы» КММ*



**«КӘРІЛІК –  
проблема ма немесе  
өмір кезеңі ме.....»  
ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ**

*Ахмадиева С.К.*

*«22» мамыр 2012 жыл  
Алматы қаласы*



## «Кәрілік-проблема ма немесе өмір кезеңі ме.....»

Дөңгелек үстел.

22 мамыр 2012 жыл.  
Алматы қаласы.

Адамның салыстырмалы түрде ұзақ жасаған ғұмыры көп сатылы. Ғалымдар өмір жолын нәрестелік (бір жасар), балалық (1-13 жас), жастық (13-25), кемелдік (25-49), егделік (49-61), кекселік (61-73), қариялық (73-85) және қаусау (85-тен асқан) кезеңдерге бөліп, әрқайсысына биологиялық және физиологиялық тұрғыда толық мінездеме береді. Бір ғажабы, ғылыми нұсқалы аталған кезеңдер қазақтың мүшел жас (13, 25, 37, 49, 61, 73, 85) өлшемдеріне дәлме-дәл келеді. Адам межелі ғұмырында қоян жымындай бұралаң, кедірлі-бұдырлы соқпақ, табан тірелмес тайғақ, биік асулы, терең өткелді, сондай-ақ тақтақ даңғыл, әйтеуір, қилы-қилы жолдардың талайынан өтеді. Өмірдің ең баяу сырғитын бөлігі қырық жасқа дейін ысылады, пысиды. Ой және қол еңбегінде шыңдалады. Ой өрісі кеңиді. Дүние танымы тереңдейді, молаяды. Қоғамдық ортада өз орнын табады. Азаматтық бейнесі әбден қалыптасып, келешек өмір нысанасы айқындалады. Одан әрі талпыныс, ілгерілеу, жеделдеген елу, сосын алпыс.

Алпыс – төре және сыни жас. Өткен кезеңдерге сарапшы, алдағыны болжамшы шақ. Апақ-сапақ өмірдің қоңыр күзі, ақшамы. Егделіктің көлеңкесі ұзарып, батыс көкжиегіне еңкеюі, қарттықтың табалдырығы, босағасы.

Адам үш түрлі қартаяды.

Ерте тәни қартаю – кәрілік белгілерінің мезгілінен бұрын аян болуы. Адамның биологиялық және психологиялық қорғаныс механизмдерінің шамадан тыс тотығуы. Тұқым қуалаушылық пен туа бітті гендік – тектік мүкілік салдары. Жалпы денсаулықтың ақаулығы, ауыр, созылмалы дерт зардабы. Жеке бастың күтімсіздігі, тіршілігіне жауапсыздығы.

Қалыпты физиологиялық қартаю – егделіктен кейінгі жас жігі қапелімде байқала қоймайтын, созылып барып анық белгі беретін табиғи құбылыс. Бұл кезеңге тән: дене қажып, күш-қуат кемігенмен сана мен сезім сергектігі. Төңірекке жіті көзқарас, ойға берілу. Байсалдылық, пайымдылық, шүкіршілік.

Рухани қартаю – тән мұқалуынан бұрын жан жұталуы, жүйке жүйе түтіліп, жад көмескіленуі. Қоғамдық ортадан окшаулану. Танымдық сезім тұйықталған осы психологиялық үдеріс кей жағдайда парасатсыз, келеңсіз өмір сүруге организмнің қарсылығы деп түсіндіріледі. Қалай дегенде де, рухани қартаю өте сирек кездесетін тіршілік.

Өмір оты ерте өшірілмесе, адам баласының қартаюы табиғи заңдылық. Қартаю организм мен ой сезімнің даму, жетілу үдерісі тоқырап, белсенділік мүмкіншілігі мен қарқынының үдемелі төмендеуі. Адамға қалауынсыз-ақ өзінің табиғи жолымен жетер бұл кәрілік кезең.

Сондықтан да егде адамдарға әлеуметтік қызмет көрсету өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Адам қартайған кезде бұрынғы әлеуметтік ролінен айрылып, туғандарымен жақындарын жиі жоғалтады. Рухани құлдырап, байланыс шеңбері, әлемге көзқарасының нұсқалары тарылады.

Халықтың белгілі бір азын-аулақ тобы болмаса, негізгі бөлігін ертеңгі қарттық шағы қатты алаңдатады.

Жыл сайынғы Ел басымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы ол әрқашанда тарихи маңызы жоғары, қоғамда алатын орны ерекше стратегиялық құжат. Себебі бұл жолдауда елімізді одан әрі дамыту, әр бір отбасының, әр бір азаматтың жағдайын одан әрі жақсарту, халқымыздың бірлігін, тыныштығын қорғау жолдары нақты атап көрсетілген.

Мемлекет басшысы әр жолдауында қарттарды құрметтеуге-қадірлеуге шақырып келеді.

2009 жылғы 29 желтоқсанда қабылданған «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы өмірлік қиын жағдайда жүрген, оның ішінде картаюына байланысты өзіне-өзі жағдай жасауға қабілетсіз адамдарға әлеуметтік қызмет көрсетудің кешенді жүйесін құруды көздейді.

Бұған қоса, 2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы дамуының стратегиялық жоспарында қарт адамдардың, мүгедектердің, асыраушысынан айрылған және басқа азаматтардың лайықты өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету өзекті бағыттардың бірі болып белгіленген. Сонымен қатар, әлеуметтік қызмет көрсету саласын кеңейтуге, мемлекеттік стандарттарды енгізуге және көрсететін арнаулы әлеуметтік қызметтің сапасын арттыруға көп көңіл бөлінеді.

2001 жылы Қазақстанда тұңғыш рет Алматы қаласында, Москва қаласының тәжірбиесіне сүйене отырып Әлеуметтік тұрғын үй ашылды.

Сол жылы 51 қарт үкіметке пәтерін тапсырып, әлеуметтік тұрғын үйге қоныс ауыстырды.

Әлеуметтік тұрғын үй ауласы қоршалған 5 қабатты екі үйден тұрады. Бұнда барлығы 74 пәтер бар. Олардың 56-сы бір бөлмелі, 16-сы 2-бөлмелі, 2-уі үш бөлмелі пәтерлерден тұрады. Аулада демалатын орындар, гүл және ағаш егілген алаңдар бар. Әлеуметтік тұрғын үйде тұрғындар әр қайсысы жеке-жеке пәтерлерде тұрады.

Ашылғаннан бері 91 адам: оның ішінде 10 ерлі-зайыпты, 1 жанұя анасы мен қызы әлеуметтік тұрғын үйге орналасқан.

Осы 2001-2012 жылдар аралығында үкіметке 80 пәтер өткізілді.

Кейуаналарға деген шынайы қамқорлықтың үлгісі деуге тұрарлық осы үйде қарттарға арналып барлық жағдай жасалған.

Мұнда жабдықталған кір жуатын орын, шаштараз, дәрігерлер бөлмесі бар. Сондай – ақ қарттардың тыныштығын қорғайтын күзет қызметі жұмыс істейді. Әр тұрғынға күтім көрсету үшін күтушілер бекітіліп берілген. Шомылуға өзің әлі келмейтін қарттарды аптасына екі рет шомылдырушы шомылдырады. Жағдайы өте ауыр халде жатқан қарияларға арнайы күтуші қызмет етеді. Әлеуметтік шаруашылық қажеттіліктерін шешу үшін электрик, сантехник жұмыс жасайды. Бір сөзбен айтқанда тағдырдың тауқыметін тартқан қарияларға әлеуметтік үйде қол жетімді қызмет- жанға жайлы жағдай қарастырылған. Ең бастысы, мұнда бүкіл зейнеткерлерге қиын тиетін коммуналдық төлем проблемасы болмайды. Бұл игіліктердің бәрі мемлекеттің есебінен жасалады.

Сонымен қатар 2010 жылы Әлеуметтік тұрғын үйдің 4-подъезіне қазіргі уақыт талабына сай өте жоғары сападағы адам тасымалдау лифттері орнатылды. 2011-2012 жылдар аралығында Әлеуметтік тұрғын үй ғимаратына толықтай күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Онда барлық электр жүйелері мен сантехникалық жабдықтар ауыстырылды. Барлық подъездерге жаңадан өрт сөндіру қондырғылары орнатылды. 2011 жылдың қыркүйек айында Әлеуметтік тұрғын үйге қарттардың игілігіне 14-орындық «Hyundai» маркалы шағын автобусы алынды.

Бүгінгі таңда әлеуметтік тұрғын үйде 47 зейнеткер тұрып жатыр: 9 ер адам, 38 әйел. Олардың көпшілігі Ұлы Отан соғысына қатысып майданда ерлік өнегесін көрсеткен ардагерлер. Сондай-ақ тылда еңбек етіп, тәуліктер бойы станок басында тұрған, жаралы жауынгерлерді күтіп баққан, тылда жеңістің негізін қалаған ардагерлер де бар.

Әлеуметтік тұрғын үйде қарттардың рухани қажеттілігін қанағаттандыруға және бос уақыттарын тиімді пайдалануға барлық жағдай жасалған. Онда қызметкерлер әр тұрғынның мінез құлқына, дүние танымына және рухани жан дүниесіне үңіле отырып, мәдени және тұрмыстық қызметтер көрсетеді:

- мерекелер мен тынығу іс-шаралары;
- клуб «Хозяюшка» және тоқу үйірмесі;
- хор;
- мерекелер, мерейтойлар, туған күндер өткізу, экскурсияларға, театрларға, кинотеатрларға, концерттерге бару және т.б іс-шаралар өткізіледі.

Әлеуметтік тұрғын үй қызметкерлері мен жұмысшылары әр бір тұрғынға қамқор болып, әр қайсысына жеке-дара уақыт бөліп, пікірлерімен санасып, ақылдарын тыңдауы, қарттардың көңіліне сенім ұялатып, өмірге деген құлшыныстарын арттырады.

Шынында да қариялардың мінезі жас баланың мінезімен бірдей, тек өмір көрген ақылды балалар, оларды бірдей аялау керек. Өйткені, өзі үшін де қоғам үшін де тер төккендер бейнетінің зейнетін бірдей көргені жөн емес пе?....

Оның үстіне бүгінде нарық қоғамды өзгертті, қарттардың проблемасын көргісі келмейтіндердің осы ахуал өз бастарына келмей ме? «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер» деген бар екенін ұмытуға бола ма? Бүгін жастықтың қызығына тойса, ертең кәріліктің де шыжығын тартатын болады. Өйткені, дүние-кезек.....

Қартайғанда адамның денесі болбырап, қимыл қозғалысы баяулайтыны, іс-әрекеті шектеліп, қоғамдық ортадан қол үзері, жүйке сыр беріп, ой өрістің торығуы, ел өмірі мен төңірегін бұрынғы көзқарасы, дүниетанымен шолатыны және түсінетіні анық. Бұл болымсыздық жеке бастың кемшілігі емес, жалпы ұзақ ғұмыр кешіп қартайғандардың барлығына ортақ көрініс.

Жүрек ауыруы, қан қысымының жоғары немесе төмендеуі, аяқ-қол сырқырауы басқа да психологиялық ауырулар, яғни, қорқыныш-үрей пайда болуы немесе ұмытшақтық, алжу т.б. қарттарға тән нәрсе. Өз денесі өзіне ауырлаудан немесе организмге қажет дәрумендер мен кальцийдің жетіспеушілігі аяқ-қол шығуы болмаса түрлі сынықтарға душар етеді.

Бұның барлығын емдегеннен кейін, ары қарай өмірге бейімделу қарияларға қиындау түседі.

Осы жағдайларды күнделікті тәжірбиемізде кездестіріп жүргендіктен, шешімін таппай тұрған проблемалардың бірі деп ойлаймын.

Алматы қаласында балаларға немесе мүгедектерге арналған оңалту орталықтары көптеп кездеседі, ал қарттарға арналған оңалту орталықтары жоқтың қасы.

Мысалы: инсульт алған қарт, ем алып емханадан шыққан соң, ары қарай ешқандай көмексіз қалады. Олармен жеке-дара оңалту бағдарламасын жүргізу керек. Мемлекет тарапынан қарттарға арналған оңалту орталықтары ашылса немесе әр емханадан бөлімдер ашылса деген ұсынысым бар.

Екіншіден: қазіргі күнде ақпарат құралдары арқылы жалғызбасты қарттардың алданып қалуы жайлы жиі естиміз. Әсіресе жекеменшік үйлері бар қарттар түрлі жағдайларға тіпті қылмыскерлерге де ұрынады. Сондықтан Әлеуметтік тұрғын үйлерді, көптеп ашып, заңмен қорғалып, жарнамалау жұмыстарын жолға қою керек деп ойлаймын.

Уақыт-зымыран, зулап өтуде. Ұлы ғұлама Ахмет Игүнеки:

«Бұл дүние бір керуен сарай-ды, кететіндер түсіп содан тарайды. Алғы тізбек көшіп ұзап кеткенде, келіп түскен тізбек соған қарайды» дегеніндей, өмірдің керуен көші жастарға жол ашып, қарттарды құрметтеумен шартарапты дүние кеңестігінде тоқтаусыз ілгерілей бермек.